ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

БҰЙРЫҚ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ»

ПРИКАЗ

2026 жылғы «31» тамыз **№ 566** **«31» август 2026 года**
Ақтөбе қ. г.Актобе

Білім, тәрбие беру ұйымдарының эксперименттік және инновациялық жұмыстарын, қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу, жалғастыру, тоқтату, оқу кабинеттерін паспорттау туралы

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығымен енгізілген өзгерістер), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (өзгерістер мен толықтырулар) және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асыру мақсатында, қалалық сараптамалық кеңестің 2026 жылғы 31 тамыз №2 хаттамасы негізінде, қала мектептерінің оқу кабинеттерін дайындап, олардың білім беру стандарттарының талабына сәйкес дайындалып, оқу кабинеттерінің оқу-әдістемелік талаптарының негізгі бағыттарына сай қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру ұйымдары басшыларына: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру сыныптарында (1-11 сыныптар) оқу үрдісі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2026-2027 оқу жылында жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде ұйымдастырылып жүргізілсін.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№ 12 «Інжугүл»бөбекжай-
балабақшасы» МКҚК
Ақтөбе қ, М.Оспанов көшесі 58»А»
тел. 8 (7132) 51-55-51
Inzhugul12@mail.ru

Государственное учреждение
Отдел образование города Актобе»
ГККП Ясли-сад № 12 «Інжугүл»
г.Актобе, ул.М.Оспанова 58»А»
тел. 8 (7132) 51-55-51
Inzhugul12@mail.ru

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

Ақтөбе қаласы **02.09.2026ж.**

№ 20/1

**Білім-тәрбие беру ұйымдарындағы
эксперименттік және инновациялық жұмыстарын,
қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу, жалғастыру,
тоқтату, оқу кабинеттерін паспорттау туралы**

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2026 жылғы 310тамыздағы №566 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру, инновациялық технологияларды енгізу, қосымша білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «№ 12 «Інжугүл» бөбекжай-балабақшасының 2026–2027 оқу жылында эксперименттік, инновациялық жұмыстарды ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

2. Бекітілсін, рұқсат етілсін, жалғастырылсын:

2.1. Эксперименттік және апробациялық жұмыстар;

2.2. Қосымша білім беру бағдарламалары;

2.3. Шығармашылық, танымдық, тіл дамыту, логикалық бағыттағы үйірме жұмыстары;

2.4. Педагогтердің авторлық бағдарламалары мен жобалары.

3. Балабақша топтары мен оқу кабинеттерінің санитарлық талаптарға және қауіпсіздік нормаларына сәйкестігі қамтамасыз етілсін.

4. Тәрбиешілер мен педагог мамандар оқу-тәрбие процесін мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

«№12 «Інжугүл» бөбекжай- балабақшасы»
МКҚК меңгерушісі: Жетесова Б.Ж.